

Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі «*Китаб Муқаддима*» қолжазбасына (XV ғасыр) мәтінтанулық талдау: Айа-София MS 1451 және Фиқһ Ханафи MS 721 нұсқалары негізінде¹

*К.К. Аубакирова^a, М.М. Исаханова Кырджа^b

^aҚорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Қызылорда, Қазақстан Республикасы

ORCID: 0000-0002-9555-3753

(E-mail: aubakirova.kunduzay@gmail.com). *Байланыс үшін автор: aubakirova.kunduzay@gmail.com

^bӘл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан Республикасы

ORCID: 0000-0002-8067-4456

(E-mail: dr.meirim1991@gmail.com)

ARTICLE INFO

АННОТАЦИЯ

Кілт сөздер:
мәтінтану, араб
тілі, мәмлүк-
қыпшақтар,
мәмлүк-
қыпшақ тілі,
ортағасырлық
қолжазбалар,
түркі жазба
ескерткіштері,
эс-Самарқанди,
«*Китаб
Муқаддима*», Фиқһ
Ханафи MS 721,
Айа-София MS
1451.

FTAMP 16.41.25

DOI: <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2SI-56-76>

Кез-келген ұлттың тарихы мен діні, мәдениеті мен тілі туралы құнды деректер біздің заманға дейін жеткен көне жазба мұраларда сақталған. Түркі әлеміне ортақ осындай жазба мұралардың қатарына мәмлүктер дәуірінде араб графикасымен жазылған қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштерді жатқызуға болады. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі лингвистикалық және әдеби ескерткіштер жан-жақты зерделеніп жүргенімен, діни еңбектер әлі де зерттеуді қажет етеді. Осы кезге дейін кейбір нұсқалары беймәлім болып келген қыпшақша діни еңбектердің бірі – «*Китаб Муқаддима*» қолжазбасы. Осы мақалада Самарқан қаласынан шыққан ислам әлемінің ғұламасы Әбу Ләйс эс-Самарқандидің мәмлүк-қыпшақ тіліне аударылған «*Китаб Муқаддима*» жазба ескерткішінің қолжазбалық нұсқалары, оның ішінде ғылыми айналымға енгізілмеген мысырлық (Фиқһ Ханафи MS 721) нұсқасы қарастырылады. Қолжазбаның ғылымда белгілі ыстамбұлдық нұсқасы (Айа-София MS 1451) жан-жақты қарастырылса, кониялық (узлук) және басқа да қыпшақша нұсқалары әлі де кешенді түрде зерттелуі керек. Ал зерттеу нысаны ретінде алынған бұл қолжазбаның мысырлық нұсқасы туралы әлемдік түркітану ғылымында ешқандай мәлімет кездеспейді. Шетелдік қолжазбалар қорындағы ізденістер нәтижесінде Каир қаласындағы (Мысыр) Дар әл-кутуб кітапханасында сақталған «*Китаб Муқаддима* Әбу Ләйс эс-

¹ Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің АР27510517 «Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі «*Китаб Муқаддима* Абу Ләйс эс-Самарқанди» қолжазбасындағы теоллингвистикалық дискурс (XV ғасыр)» тақырыбындағы жоба аясында дайындалды.

© К.К. Аубакирова, М.М. Исаханова Кырджа, 2026

Самарқанди» («الليث السمرقندي كتاب مقدمة أبو») қолжазбасының тағы бір қыпшақша нұсқасы анықталды. Қолжазба Фиқһ Ханафи бөлімінде 721 нөмірімен сақталған. Ұсынылып отырған мақаланың мақсаты – осы қолжазбаның жаңадан анықталған мысырлық нұсқасына толық сипаттама беріп, бізге белгілі ыстамбұлдық нұсқасымен салыстыра зерттеп, ғылыми айналымға енгізу. Қолжазбаны кешенді зерттеу мақсатында тарихи-салыстырмалы, графикалық құрылымды жүйелеу, деректанулық, палеографиялық, кодикологиялық және мәтінтанулық талдау әдістері қолданылды. Қолжазбаның палеографиялық сипаты оның жазу стилі, каллиграфия түрі, графикалық жүйесі, жазу тәсілі арқылы, ал кодикологиялық сипаты оның материалдық құрылымы, бет композициясы, қағаз сапасы, сия түрі және қосымша белгілері арқылы анықталды. Мәтінтанулық талдау нәтижесінде қолжазбаның мәмлүк-қыпшақ жазба дәстүріне жататыны анық байқалды. Жазу стилі мен графикалық ерекшеліктеріне сүйене отырып, оның XIII-XV ғасырлардағы мәмлүк кезеңіне тән үлгіге сәйкес құрастырылғаны айқындалды. Қолжазбаның Фиқһ Ханафи MS 721 нұсқасын араб тіліндегі діни мәтінді қыпшақ тілді аудиторияға түсіндіруге арналған ислами медреселік дәстүрдегі маңызды оқу құралы ретінде қарастыруға болады. Сондықтан бұл жазба ескерткіш мәмлүктер дәуіріндегі Мысыр қоғамы ғана емес, сонымен қатар олармен тарихи-мәдени байланыста болған Дешті қыпшақ халықтарына қатысты құнды дереккөз болып табылады.

***K.K. Aubakirova^a**

^aKorkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan

ORCID: 0000-0002-9555-3753

(E-mail: aubakirova.kunduzay@gmail.com)

**Corresponding author: aubakirova.kunduzay@gmail.com*

M.M. Issakhanova Kirca^b

^bAl-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

ORCID: 0000-0002-8067-4456

(E-mail: dr.meirim1991@gmail.com)

A textual analysis of the manuscript 'Kitab al-Muqaddima' in the Mamluk-Kipchak language (15th Century): based on the Ayasofya MS 1451 and Fiqh Hanafi MS 721 versions

Abstract. Valuable information about the history, religion, culture and language of a nation is preserved in its ancient written heritage. Among the written monuments shared

Received 01 March 2026. Revised 02 April 2026. Accepted 05 May 2026. Available online 30 June 2026.



Дәйексөз үшін: К.К. Аубакирова, М.М. Исаханова Кырджа Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі «Китаб Муқаддима» қолжазбасына (XV ғасыр) мәтінтанулық талдау: Айа-София MS 1451 және Фиқһ Ханафи MS 721 нұсқалары негізінде // Turkic Studies Journal. 2026. Т. 8. № 2SI. 56-76 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2SI-56-76>

For citation: K.K. Aubakirova, M.M. Issakhanova Kirca A textual analysis of the manuscript 'Kitab al-Muqaddima' in the Mamluk-Kipchak language (15th century): based on the Ayasofya MS 1451 and Fiqh Hanafi MS 721 versions // Turkic Studies Journal. 2026. V. 8. № 2SI. P. 56-76. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2SI-56-76>

by the Turkic world are Kipchak language texts written in Arabic script during the Mamluk era. Although linguistic and literary manuscripts in the Mamluk-Kipchak language have been extensively studied, religious works still require further research. One such work is the manuscript "*Kitab Muqaddimah*", of which some versions have remained unknown to researchers until recently. This article examines versions of this written monument translated into the Mamluk-Kipchakh language by Abu Layth as-Samarkandi, an Islamic scholar from Samarkand. Particular attention is given to the Egyptian manuscript version (Fiqh Hanafi MS 721), which has not previously been introduced into academic circulation. While the Istanbul manuscript (Ayasofya MS 1451) is well-known and has been the subject of extensive scholarly research, the Konya (Uzlu) version and the other Kipchak copies have yet to be comprehensively studied. Moreover, no information on the Fiqh Hanafi MS 721 version has previously been available in Turkological scholarship. As a result of research conducted in foreign manuscript collections, an additional Kipchak version of *Kitab Muqaddimah* Abu Layth al-Samarqandi (كتاب مقدمة أبو الليث السمرقندي) was identified. This manuscript is preserved in the Dar al-Kutub Library in Cairo, Egypt, in the Hanafi Jurisprudence Collection under catalogue number 721. The aim of this study is to provide a comprehensive description of this newly identified Egyptian manuscript, compare it with the Istanbul version, and introduce it to the international scholarly community. To achieve this objective, historical-comparative, documentary, paleographic, codicological, textual, and graphic-structural analysis methods were employed. The manuscript's paleographic characteristics were examined through its script, calligraphic style, graphic system, and writing techniques, while its codicological features were analysed through its material composition, page layout, paper quality, ink, and auxiliary markings. The textual analysis demonstrated that the manuscript belongs to the Mamluk-Kipchak written tradition. Based on its script and graphic characteristics, it was determined that the manuscript was produced according to a model typical of the Mamluk period (13th-15th centuries). The Fiqh Hanafi MS 721 version served as an important educational text within the Islamic madrasa tradition, facilitating the explanation of Arabic religious works to a Kipchak-speaking audience. Consequently, this manuscript represents a valuable source for the study of both Egyptian society during the Mamluk era and the peoples of the Dasht-i Kipchak region, with whom Egypt maintained significant historical and cultural connections.

Keywords: textology, Arabic language, Mamluk-Kipchaks, Mamluk-Kipchak language, medieval manuscripts, Turkic written monuments, as-Samarkandi, "*Kitab Muqaddimah*", Fiqh Hanafi MS 721, Ayasofya MS 1451.

*К.К. Аубакирова^a

^aКызылординский университет имени Коркыт Ата,

Кызылорда, Республика Казахстан

ORCID: 0000-0002-9555-3753

(E-mail: aubakirova.kunduzay@gmail.com)

*Автор для корреспонденции: aubakirova.kunduzay@gmail.com

М.М. Исаханова Кырджа^b

^bКазахский национальный университет имени аль-Фараби,

Алматы, Республика Казахстан

ORCID: 0000-0002-8067-4456

(E-mail: dr.meirim1991@gmail.com)

**Текстологический анализ рукописи «Китаб Мукаддима»
на мамлюкско-кыпчакском языке (XV век): на основе версии Айя-София MS 1451
и Фикх ханафи MS 721**

Аннотация. Ценные сведения об истории, религии, культуре и языке любого народа отражены в древних письменных памятниках, дошедших до наших дней. К числу таких письменных памятников тюркской культуры относятся памятники на кыпчакском языке, записанные арабской графикой в эпоху мамлюков. Лингвистические и литературные памятники на мамлюкско-кыпчакском языке изучены достаточно широко, однако религиозные тексты изучены недостаточно и требуют дальнейших исследований. К числу таких религиозных памятников относится рукопись «Китаб Мукаддима». В данной статье рассматриваются рукописные версии текста «*Китаб Мукаддима*», переведенные на мамлюкско-кыпчакский язык исламским учёным Абу Лайсом ас-Самарканди, выходцем из города Самарканд, включая ранее не введённую в научный оборот египетскую версию. Стамбульская рукописная версия, известная в научной литературе как Айя-София 1451, достаточно исследована, тогда как Стамбульская (Узлук конийская), как и другие версии, по-прежнему нуждается в дальнейшем исследовании. В то же время об египетской версии рукописи (Фикх Ханафи MS 721), выбранной в качестве объекта данного исследования, в тюркологической науке фактически очень мало сведений. Авторы статьи, изучая зарубежные рукописные фонды, в библиотеке Дар аль-Кутуб в городе Каир (Египет) обнаружили кыпчакскую версию рукописи «Китаб Мукаддима Абу Лайс ас-Самарканди» («كتاب مقدمة أبو الليث السمرقندي»). Рукопись хранится в отделе ханафитского фикха под номером 721. Целью данной статьи является подробное описание вновь выявленной египетской версии рукописи, её сравнительное исследование со стамбульской версией и введение в научный оборот.

Для комплексного изучения рукописи были использованы методы историко-сравнительного, источниковедческого, палеографического, кодикологического, текстологического анализа. Палеографические особенности рукописи определяются на основе её письменного стиля, типа каллиграфии, графической системы и способа письма, тогда как её кодикологические характеристики – по материальной структуре, композиции страниц, качеству бумаги, типу чернил и дополнительным признакам. В результате текстологического анализа было установлено, что рукопись относится к мамлюкско-кыпчакской письменной традиции. Особенности письма и графические характеристики памятника позволили установить, что рукопись соответствует образцам, характерным для памятников мамлюкского периода XIII-XV веков. Версию Фикх Ханафи MS 721 можно рассматривать как важный учебный инструмент в исламском медресе, предназначенный для объяснения религиозных текстов на арабском языке в кыпчакоязычной аудитории. Таким образом, данный письменный памятник представляет собой ценный источник не

только по истории общества Египта эпохи мамлюков, но и по истории народов региона Дешт-и Кипчак, находившихся в тесных историко-культурных контактах.

Ключевые слова: текстология, арабский язык, мамлюко-кипчаки, мамлюкско-кипчакский язык, средневековые рукописи, тюркские письменные памятники, ас-Самарканди, «Китаб Мукаддима», Фикх Ханафи MS 721, Айя-София MS 1451.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлт болмысын сақтап қалу мақсатында елімізде ұлт тарихы қайта қаралып, ұлттық және рухани құндылықтарды қайта жаңғырту өзекті мәселеге айналды. Ұлттың тарихи-мәдени дамуын зерттеуде түркі халықтарының тарихы, мәдениеті мен дүниетанымы туралы мәліметтерді қамтитын, әртүрлі жазу үлгілерімен сақталып қалған жазба ескерткіштер құнды дереккөз болып табылады. Сондықтан түрлі мемлекеттік бағдарламалар мен гранттық қаржыландырулар негізінде көне жазба мұраларымыз шетелдік қолжазбалар қорынан әкелініп, қайта қарастырыла бастады. Түркі әлеміне ортақ жазба мұралар жүйесінде мәмлүктер тұсында түркі-қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер елеулі мәнге ие. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштердің қатарына араб және парсы тілдерінен түркі-қыпшақ тіліне аударылған діни мазмұндағы аударма еңбектерді де жатқызуға болады. Осындай еңбектердің бірі «*Китаб Мукаддима*» қолжазбасы ортағасырлық классикалық араб тілінен жоларалық (интерлинеарлық) әдіспен түркі-қыпшақ тіліне аударылған. Бұл – имам Әбу Ләйс ас-Самаркандидың X ғасырда араб тілінде жазылған «Әл-Мукаддима фи-с-салат» («في الصلاة المقدمة») еңбегінің мәмлүк-қыпшақ тіліне аударылған қолжазбасы. «Китаб Мукаддима» ерте кезеңдегі ғылымхал және фикһ дәстүріндегі практикалық нұсқаулық мәтін ретінде қарастырылады. Шығарма ислам дінінің негізгі шарттары, мұсылманның бес парызының біріне жататын намаз, оның ішінде парыз, сүннет, уәжіп амалдар мен дәрет алу сияқты фикһ іліміне қатысты көптеген мәселелер қарастырылған. Бұл еңбектің әлем кітапханаларында араб тіліндегі қолжазбалық нұсқаларымен қатар мәмлүктер дәуірінде түркі-қыпшақ және османдық кезеңдегі түрік тіліне аударылған нұсқалары да сақталып қалған. Осы жерден ханафи мәзһабының фикһ ілімін үйрету мен таратуда бұл еңбектің жиі қолданылғанын байқауға болады. Қолжазбаның мәмлүк-қыпшақ тіліне бірнеше рет аударылғанынан еңбекті араб тілін меңгермеген түркітілді оқырмандарға, жалпы халыққа діни мазмұндағы мәтіндерді түсіндіру құралы немесе исламдық білім беру жүйесінде қолданылған оқу құралы ретінде қарастыруға болады. Қолжазбаның бірнеше қыпшақ тіліндегі нұсқада сақталуы мәтінтанулық мәселелерді туғызады. Қолжазбадағы мәтіндерге салыстырмалы мәтінтанулық талдау жүргізу кезінде нұсқалар арасындағы тілдік, орфографиялық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктермен қатар терминдік, мазмұндық ерекшеліктер айқындалды. Бұл мақаланың мақсаты қолжазбаның Фикһ Ханафи 721 (бұдан әрі – MS 721) және Айя-София 1451 (бұдан әрі – MS 1451) нұсқаларына салыстырмалы мәтінтанулық талдау жүргізу арқылы олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын анықтау болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін бірнеше міндеттер қойылды: қолжазбаның қыпшақ тіліне аударылған нұсқаларын анықтау; MS 721 нұсқасының толық ғылыми сипаттамасын жасау; палеографиялық және кодикологиялық талдау жасау; MS 721 және MS 1451 нұсқаларға мәтінтанулық талдау жасау; екі нұсқаны салыстыра отырып, ұқсастықтарын

мен ерекшеліктерін айқындау; олардың түркі жазба ескерткіштер дәстүріндегі орнын анықтау. Біздің заманымызға дейін жеткен осы қолжазбалық нұсқаларды кешенді зерттеп, мәтінтанулық ерекшеліктерін анықтау қыпшақ жазба дәстүріндегі кейбір мәселелердің мәнін жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мәмлүк-қыпшақ тіліндегі бұл жазба ескерткіштер түркі-араб мәдени-тілдік байланыстарының куәсі ғана емес, түркі халықтарының тарихы, діні, мәдениеті мен дүниетанымы туралы құнды мәтіндік дереккөз болып табылады.

Материалдар және зерттеу әдістері

Зерттеу тақырыбына қатысты негізгі материалдар ретінде Әбу Ханифа мәзһабының ғұламасы, Самарқан қаласынан шыққан Әбу Ләйс әс-Самарқандидың «Әл-Муқаддима фи-с-салат» атты діни мазмұндағы еңбегінің мәмлүктер дәуірінде араб графикалы қыпшақ тіліне аударылған «Китаб Муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди» («كتاب مقدمة مقدمة أبو الليث السمرقندي» – «Әбу Ләйс әс-Самарқандидің кіріспе кітабы») қолжазбасының әртүрлі нұсқалары қолданылды. Бұл қолжазбаның ғылымда қыпшақ тіліне аударылған бірнеше нұсқалары анықталып, қолжазбалар тізбесінде көрсетіліп, ғылыми айналымға енгізілгенімен, кейбір нұсқалары әлі күнге дейін беймәлім болып келген. Осы зерттеуде Мысырдың Каир қаласындағы Дар әл-кутуб кітапханасының қолжазбалар қорынан анықталған «Китаб Муқаддима» ескерткішінің қыпшақ тіліне аударылған қолжазбалық нұсқасы бастапқы дерек ретінде қолданылады. Қолжазбаның мысырлық нұсқасы Фихр Ханафи бөлімінде 721 нөмірімен сақталған¹. Қолжазбаның ыстамбұлдық нұсқасы Түркияның Ыстамбұл қаласындағы Сүлеймания кітапханасының Айа-Софийа бөлімінде 1451 нөмірімен сақталған². Қосымша материал ретінде қолжазбаның қыпшақ тіліндегі өзге де нұсқалары қолданылды.

Зерттеу жұмысының әдістемелік негізін анықтауда деректанулық, палеографиялық, кодикологиялық, тарихи-салыстырмалы, мәтінтанулық талдау әдістері қолданылды. Кодикологиялық және палеографиялық әдістерді қолдану арқылы қолжазбаның нұсқалары туралы негізгі мәліметтер жинақталып, толық сипаттамасы жасалды. Палеографиялық талдау кезінде қолжазбаның жазу стилі, графикалық жүйесі, каллиграфия түрі, жазу техникасы, диакритикалық белгілері арқылы қыпшақша мәтіннің орфографиялық ерекшеліктері анықталды. Кодикологиялық талдау кезінде қолжазба материалы, сия түрі, бет композициясы, безендіру элементтері, қосымша белгілері (маригиналия, түзетулер) арқылы қолжазбадағы қыпшақша мәтіннің жасалу және қолданылу тарихы анықталды. Деректанулық әдіс арқылы қолжазба нұсқаларының ғылыми сипаттамасы, сақталған жері, ғылыми айналымдағы орны жүйеленді. Тарихи-салыстырмалы және мәтінтанулық талдау әдістері арқылы қолжазбаның MS 721 және MS 1451 нұсқаларының мәтіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтары, түркі жазба дәстүрімен байланысы айқындалды. Жоғарыда аталған әдістерді кешенді қолданудың нәтижесінде «Китаб Муқаддима» қолжазбасының нұсқаларында сақталған қыпшақша мәтін туралы құнды деректер жинақталды.

¹Китаб Муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди. Дар әл-кутуб кітапханасы, Фихр Ханафи бөлімі, MS 721.

²Китаб Муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди. Сүлеймания кітапханасы, Айа-Софийа топтамасы, MS 1451.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Түркітану ғылымында мәмлүктер дәуіріндегі қыпшақша жазба мұралар мазмұнына қарай тілдік (сөздіктер мен грамматикалық трактаттар), әдеби, діни және соғыс өнеріне қатысты еңбектер деп қарастырылады. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі тілдік және әдеби еңбектер бірнеше тілге аударылып, транскрипциясы жасалып, кешенді зерттеліп жүрсе, діни мазмұндағы ескерткіштер әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Мәмлүктер дәуіріндегі қыпшақша ескерткіштер Я. Экманның зерттеуінде алғаш рет жеке зерттелсе, ескерткіштерге қатысты деректер Б. Аталай, А. Инан, Х. Кун, М.Т. Хоутсма, А. Зайончковский, Э. Наджип сияқты шетелдік және Ә. Құрышжанов, Б. Сағындықов, Ә. Керімұлы, А. Ибатов, С. Боранбаев сияқты отандық ғалымдардың еңбектерінде берілген. Кейін мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштер жеке-жеке зерттеліп, транскрипциясы мен аудармалары жасалып, баспадан жарияланып, жан-жақты қарастырыла бастады. Мысалы, «Әл-Идрак» Б. Аталай, А. Джафероглу, Р. Ермерс, А. Мелек Өзйетгин, М. Маженова, Е. Есбосынов сияқты ғалымдардың, «Әт-Тухфа» Т. Арынов, Э.И. Фазылов, И. Зияева, Н.Б. Қонқабаева, «Тәржұман» Ә. Құрышжанов, А. Юнусов, Б. Сүйерқұл, А. Гаркавец, Қ.А. Қыдырбаев, «Булғат» Г.Р. Ғайнутдинова, А.А. Мустафаева, «Әл-Қауанин» С. Дүйсенов, Р. Топарлы, Қ. Аубакирова сияқты зерттеушілердің еңбектерінде әртүрлі қырынан зерттелген.

Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі бізге белгілі бес діни ескерткіш те зерттеу нысанына алынып, кейбірінің түсіндірмелері мен аудармалары жасалған. Діни мазмұндағы «Иршәдул-мулук» ескерткіші Р.Топарлының «İrşadül-müluk ves-selatin» (Toparlı, 1992a), Қ. Аубакированың «Иршәдул-мулук уәс-салатин» ескерткішіндегі (XIV ғ.) теолингвистикалық кеңістік» (Аубакирова, 2023) атты еңбектерінде берілсе, «Китаб фил-фикһ» қолжазбасы Е. Куанышбаевтың зерттеуінде тілдік және құрылымдық жағынан қарастырылып, транскрипциясы жасалған (Kuanışbayev, 2006)³. Ж. Демирджидің зерттеуінде «Муққадиматул-Ғазнауиә» (Demerci, 1987)⁴, М. Ағардың зерттеуінде «Китаб фил-фикһ би-лисан турки» жазба ескерткіші қарастырылған (Ағар, 1989)⁵. Д. Шалқаров пен Қ. Аубакированың еңбектерінде «Иршәдул-мулук» ескерткіші теолингвистикалық қырынан зерттеліп, діни лексикасы қарастырылған (Шалқаров, Аубакирова, 2023).

Зерттеу нысанына алынған «Китаб Муқаддима» ескерткішінің MS 1451 нұсқасына қатысты бастапқы мәліметтер Я. Экман мен К. Менгестің еңбектерінде берілген. Қолжазбаның MS 1451 нұсқасының көшірмесі мен француз тіліндегі түсіндірмесін алғаш рет А. Зайончковский жариялаған (Zajackowski, 1962).

Р. Топарлының еңбегінде MS 1451 нұсқасының түпнұсқа мәтіні мен транскрипциясы берілген (Toparlı, 1992b). А. Өзканның зерттеуінде MS 1451 нұсқа негізге алынып, Узлук нұсқасы туралы мәліметтер беріліп, қолжазбаның тілдік ерекшеліктері көрсетілген (Özkan, 2000). Ф. Динлердің еңбегінде қолжазбаның Айа-Софийа 1451, 1442, 1449, Узлук 6993 және Сүлеймания 2383 нұсқаларындағы араб тіліндегі мәтінге талдау жасалған (Dinler, 2006)⁶. Қ.А. Садықбековтың зерттеуінде MS 1451 нұсқасының тілдік ерекшеліктері қарастырылып, мәтіннің транскрипциясы мен қазақ тіліндегі аудармасы

³ Kuanışbayev E., 2006. Kitab fil-Fikh (Giriş-Metin-Dizin-Tıpkıbasım). Doktora tezi. İstanbul: 222 s.

⁴ Demerci J., 1987. Muqaddimetil-Gazneviyye fil-ibadat (Ziyaül-Maneviyye) tercümesi. Yüksek lisans tezi. Ankara.

⁵ Ağar M.E., 1989. Kitab bi-lisan-Turki (İnceleme-Metin-Sözlük). Doktora tezi. İstanbul.

⁶ Dinler, F., 2006. Ebu'l-Leys es-Semerkindi ve Mukaddimetü's-Salât isimli eserinin tahkiki. Yüksek lisans tezi. Sakarya: 165 s.

берілген. Бұл еңбекте MS 1451 нұсқасы жайлы айтылып, Узлук 6993 және MS 721 нұсқалары жайлы мәлімет берілмеген (Садықбеков, 2016). Соңғы жылдары MS 1451 нұсқасының тілдік ерекшеліктеріне және қолжазба материалдары негізінде түркі тілінің даму тарихына байланысты зерттеулер жасалып жүр (Садықбеков, 2025).

Түркі жазба ескерткіштерін жан-жақты зерттеп жүрген белгілі ғалым, шығыстанушы Т.Е. Қыдыр «*Китаб Муқаддима*» ескерткішін (MS 1451 нұсқасы) түпнұсқадан қазақ тіліне аударып, ғылыми сипаттамасын жасаған.

Бұл аударма «Дәстүрлі ислам жауһарлары» (2016) және М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты тарапынан дайындалған «Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы: Алтын Орда дәуіріндегі әдеби жәдігерлер (діни-дидактикалық шығармалар)» (2020) атты еңбектерде жарияланған.

Ж. Өзгүрдің зерттеуінде қолжазбаның лексикалық ерекшеліктері туралы айтылған (Özgür, 2014). А. Өзканның еңбегінде MS 1451 және Узлук 6993 нұсқаларының көшірмелерімен бірге MS 1451 нұсқасындағы қыпшақша мәтіннің латын графикасындағы транскрипциясын берген (Özkan, 2018). А. Кылыч өз зерттеуінде А. Өзканның «Китаб Муқаддима» қолжазбасын зерттеуге арналған 2018 жылы жарық көрген еңбегін ерекше бағалайды (Kılıç, 2018). Зерттеуші М. Иссаханованың еңбектерінде ескерткіштің теоллингвистикалық маңыздылығы (Иссаханова, 2024a) мен Әбу Ләйс әс-Самарқандидің мәмлүктер кезіндегі ислам діннің таралуындағы орны (Issakhanova, 2024b) туралы айтылады. Кристоф Д'Хульстердің зерттеуінде қолжазбаның бізге дейін сақталған бірнеше нұсқалары туралы мәлімет беріліп, Айа-София 1448 нұсқасы зерттеу нысанына алынған (D'Hulster, 2025). Жоғарыда көрсетілген зерттеулерді сараптай отырып, бұл қолжазбаның белгілі нұсқаларының арасында MS 1451 нұсқасы баспадан шығарылып, жан-жақты зерттеліп, бірнеше тілге аударылса, Узлук 6993 нұсқасының сипаттамасы жасалып, баспадан шығарылған. Ал Айа-София 1448 нұсқасы кейбір ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған. Зерттеу нысанына алынып отырған «Китаб Муқаддима» қолжазбасының MS 721 нұсқасы туралы ешқандай мәлімет кездеспейді. Сондықтан Самарқан қаласынан шыққан атақты Әбу Ләйстің «Китаб Муқаддима» қолжазбасының өзге де нұсқаларымен қоса MS 721 нұсқасын ғылыми айналымға енгізіп, оны кешенді түрде зерттеу қажеттілігі туындап отыр.

Талдау

Біздің заманымызға дейін «Китаб Муқаддима» ескерткішінің бірнеше қолжазбалық нұсқалары жеткен. Кейбір зерттеулерде қолжазбаның араб тіліндегі бірнеше нұсқасы, ал қыпшақ тіліне аударылған жалғыз нұсқасы сақталғаны айтылған. Ж. Демиржи қолжазбаның жалғыз белгілі нұсқасы Ыстанбұлдағы Сүлеймания кітапханасының Айа-София бөлімінде сақталған деп көрсетеді (Demirci, 2003: 57). А. Өзканның зерттеуінде «Китаб Муқаддима» қолжазбасының Түркиядан табылған бірнеше нұсқалары көрсетілген (Özkan, 2018: 24). Олардың басым көпшілігі анадолы түрік тіліне аударылса, кейбірінде ғана мәмлүк-қыпшақ тіліндегі аудармасы сақталғандығы айтылады. Бұл зерттеуде MS 1451 және Узлук 6993 нұсқалары негізге алынған. Кристоф Д'Хульстердің зерттеуінде «Китаб Муқаддима» ескерткішінің мәмлүктер кезеңіне қатысты арабша және мәмлүк-қыпшақ тіліндегі бірнеше нұсқаларын көрсете отырып, Айа-София 1448 қолжазбасы туралы айтылады. Ол «Китаб Муқаддиманың» Сұлтан Қайтбайға тиесілі болған үш нұсқасымен қоса мәмлүктер кезеңіндегі бірнеше қолжазбалық нұсқаларды көрсетеді:

- MS or. fol. 1624 (Берлин мемлекеттік кітапханасы (түркі тілімен бірге);
- Айа-Софийа 511/2 (Ыстанбұл, Сүлеймания жазба ескерткіштері кітапханасы, араб тілінде);
- Айа-Софийа 1442/1 (Ыстанбұл, Сүлеймания жазба ескерткіштері кітапханасы, араб тілінде);
- Айа-Софийа 1443/1 (Ыстанбұл, Сүлеймания жазба ескерткіштері кітапханасы, араб тілінде);
- Айа-Софийа 1449 (Ыстанбұл, Сүлеймания жазба ескерткіштері кітапханасы, түркі тілімен бірге);
- Айа-Софийа 1450 (Ыстанбұл, Сүлеймания жазба ескерткіштері кітапханасы, араб тілінде);
- Айа-Софийа 1451 (Ыстанбұл, Сүлеймания жазба ескерткіштері кітапханасы, түркі тілімен бірге, Qānshūh al-Ghawrī;);
- Узлук 6993 (Кония халық кітапханасы, түркі тілімен бірге);
- MA VI 237 (Тюбинген университеттік кітапханасы, түркі тілімен бірге, Qāyṭbay);
- Айа-Софийа 1448 (Стамбұл, Сүлеймания жазба ескерткіштері кітапханасы, түркі тілімен бірге) (D'Hulster, 2025: 46-47).

«Китаб Муқаддима» қолжазбасының жоғарыда көрсетілген тізіміне мысырлық нұсқасын қосуға болады:

- Фикһ Ханафи 721 (Каир, Дар әл-кутуб уә әл-уәсаиқ әл-қәумийа кітапханасы, Фикһ Ханафи бөлімі, түркі тілімен бірге).

Осы зерттеу барысында палеографиялық, кодикологиялық және мәтінтанулық талдау арқылы қолжазбаның MS 721 нұсқасы MS 1451 нұсқамен салыстырыла зерттелді. Себебі MS 1451 нұсқасы бірнеше рет зерттеу нысанына алынып, транскрипциясы жасалып, басқа тілдерге аударылған. Сонымен қатар бұл нұсқада Әбу Ләйс әс-Самарқандидің «Әл-Муқаддима фи-с-салат» еңбегінің мәмлүк-қыпшақ тіліндегі толық аудармасы берілген. Бұл діни еңбек мәмлүк сұлтаны Әбу Насыр Қансуһ әл-Ғауриге сыйға тарту етілген. Қолжазбаның колофонында (соңғы бетінде) еңбекті көшіруші Асанбай ибн Судан екендігі көрсетілген. Қолжазбаның жалпы көлемі 47 парақтан, 94 беттен тұрады. Қолжазба жақсы сақталған, өсімдік стиліндегі түрлі безендіру элементтері қолданылған, екі тілдегі мәтін де өте ұқыпты әрі түсінікті жазылып, харақаттары толықтай қойылған. Бұл еңбек безендірілген қолжазба (Illuminated manuscript) түріне жатады. Қолжазбаның бірінші беті геометриялық және өсімдік мотивті өрнектермен безендіріліп, ақ, қызыл, көк, алтын түстер қолданылған. Жақтаумен қоршалған мәтін аймағындағы жазулар иерархиялық құрылыммен (Hierarchical layout) берілген. Ең жоғары жағында «Китаб Муқаддима Әби Ләйс әс-Самарқанди» («أبي الليث السمرقندي كتاب مقدمة») деп жазылған. Орталық медальонда (Central medallion) еңбектің сұлтан Қансуһ әл-Ғауриге арналғандығы көрсетілген. Ал төменгі бөлігінде «Имам Әбу Ханифа мәзһабы бойынша» деген жазулар бар. Қолжазбадағы араб тіліндегі негізгі мәтін гүлді өрнек (розетка) арқылы бөлінген. Қызыл, көк, алтын түстермен боялған. Қолжазбадағы «Айтты» (قال), «Бөлім» (فصل) және «Мәселе» (مسألة) сөздері қалың қаріппен алтын түсте ерекше үлгімен берілген. Мәтін қызыл және көк түспен сызылған жеңішке жақтаудың ішіне жазылған.

MS 721 нұсқаның библиографиялық сипаттамасында шығарманың аты «Муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди» («مقدمة أبي الليث السمرقندي»), ал авторының (муаллиф) толық аты-жөні Наср ибн Мұхаммед ибн Ахмад ибн Ибраһим әс-Самарқанди Имам әл-

Худа (نصر بن محمد بن أحمد بن إبراهيم السمرقندي المعروف بإمام الهدى) деп көрсетілген. Қолжазбаның соңғы бетіндегі (коллофонында) «Алла Тағаланың қолдауымен бұл шығарма аяқталды» (تمت الرسالة بعون الله تعالى) деген сөзден еңбектің толық жазылып біткенін аңғаруға болады. Осы бетте еңбектің 1120 жылдың жумада-л-ахира айында жазылып аяқталғандығы айтылады. Қолжазба көшірушісінің (насихтың) есімі анықталмаған. Қолжазба 48 парақ, 96 беттен тұрады. Қолжазбаның бірінші бетінде қарапайым жақтаудың ішіндегі (иелік белгісі) «Мысыр кітап ұйымы Уахид Сайед Абдел Азиз, 1981 ж.» (الهيئة المصرية للكتاب وحيد سيد عبد العزيز) деген жазуға қарағанда қолжазба 1981 жылы осы ұйымда тіркелген сияқты. Қолжазбаның алғашқы бетінде түрлі жазу үлгісіндегі әртүрлі мазмұндағы көпқабатты жазбалар берілген. Кейбір жазуларды оқу мүмкін емес. Жүйесіз берілген маргинал жазулар, хадис мәтіні, діни терминдер, адам аттары кездеседі. Бұл жазбалар жүйесіз берілгендіктен оның толық мазмұнын анық жеткізу мүмкін болмады. Беттің жоғары бөлігінде иесі Али Ма'расауи деп көрсетілген. Бұл бетте дөңгелек және октогон пішінді екі мөр қойылған, бірақ ішіндегі жазу өшірілгендіктен оқу мүмкін болмады. Мәтіннің ортадан жоғары бөлігінде Мұхаммед Али деген адам есімі жазылған. Бетте «Бисмилләһир рахманир рахим» тіркесі бірнеше рет жазылғанына қарағанда сынама бет ретінде қолданылуы да мүмкін.

Қолжазбаның екі нұсқасы да кодекс (Manuscript codex) түрінде құрастырылып, мәтін негізінен насх жазу үлгісімен берілген. Әріптер графикалық тұрғыдан түсінікті әрі жинақы берілгендіктен екі тілдегі мәтін де жеңіл оқылады. Насх жазу үлгісіне тән ерекшеліктер мен әріптер арасындағы аралықтар тең сақталған. MS 721 нұсқасына қарағанда MS 1451 нұсқасында екі тілдегі мәтін де өте түсінікті әрі әдемі жазу үлгісінде берілген. Екі нұсқаның да әр бетінде 12 жол, 6 жол арабша мәтін, оның астында 6 жол мәтіннің мәмлүк-қыпшақ тіліндегі интерлинеарлық (жоларалық) аудармасы берілген. Жолдағы сөз санында айырмашылықтар болғандықтан, бет саны мен мәтін беттерінде де өзгешелік бар. Араб тіліндегі негізгі мәтін қара сиямен, қыпшақ тіліндегі аударма мәтін қызыл сиямен берілген. Мәтіннің қыпшақ тіліндегі аудармасы араб графикасымен берілген. MS 721 нұсқасында қыпшақша мәтіндер ұсақ жазылған. Қолжазбаның MS 1451 нұсқасында араб тіліндегі мәтін толықтай қыпшақ тіліне аударылса (тек 2г бетіндегі 5ші қатар аударылмаған), MS 721 нұсқасында кейбір беттерде араб тілінде жазылған мәтіннің астына орын қалдырылғанымен, қыпшақша аудармасы берілмеген. Еңбекте сөз болатын діни мәселелер бірнеше фасыл, яғни бөлімдер бойынша толық берілген. MS 1451 нұсқасында арабша және қыпшақша мәтіннің толық харакаттары қойылса, MS 721 нұсқасында қыпшақша мәтін толық харакаттармен беріліп, арабша мәтіннің харакаттары кейбір беттерде берілмеген. Қыпшақша аударылған араб тіліндегі мәтіндердің харакаттары толық қойылған. MS 721 нұсқасында сызылған, көлбеу, маргинал жазбалар кездессе, MS 1451 нұсқасында ешқандай қосымша жазулар мен белгілер байқалмайды.

Қолжазбадағы мәтінге талдау жасау барысында MS 1451 нұсқасындағы араб тіліндегі мәтінде кейбір сөздер түсіп қалғандықтан, сәйкесінше ол сөздің мәмлүк-қыпшақ тіліндегі аудармасы да берілмегендігі анықталды. Араб тіліндегі мәтінде сөздердің харакаттарындағы өзгешеліктермен қатар лексикалық және орфографиялық ерекшеліктер кездеседі. Мысалы, қолжазбаның f. 1v бетіндегі араб тіліндегі мәтіннің жазылуында бірнеше ерекшеліктерді байқауға болады:

- (1) بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
 (2) الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ، وَالْعَاقِبَةُ لِلْمُتَّقِينَ،
 (3) وَلَا عُدْوَانَ إِلَّا عَلَى الظَّالِمِينَ، وَالصَّلَاةُ
 (4) وَالسَّلَامُ عَلَى خَيْرِ الْبَرِيَّةِ مُحَمَّدٍ وَآلِهِ وَصَحْبِهِ
 (5) أَجْمَعِينَ قَالَ الْفَقِيه أَبُو اللَّيْثٍ رَحِمَهُ اللَّهُ
 (6) اَلْعِلْمُ بِأَنَّ الصَّلَاةَ فَرِيضَةٌ قَائِمَةٌ، وَشَرِيعَةٌ. (MS 1451, f. 1v)

MS 1451 нұсқасында кітаптың мұқабасынан кейінгі негізгі мәтін басталатын бет басмаламен басталады (MS 1451, 1 v). Ал MS 721 нұсқасында бірінші жолда араб тілінде «Бұл – *Китаб Муқаддима Әбу Ләйс*» (هذا الكتاب مقدم أبو الليث) деп еңбектің атауы беріліп, басмала екінші жолда жазылған. Бұл бетте мәтін тек араб тілінде беріліп, түркі-қыпшақ тіліндегі аудармасы берілмейді. MS 721 нұсқасында «*Фақиһ Әбу Ләйс әс-Самарқанди айтты*» (قال الفقيه أبو الليث السمرقندي) деп берілсе, MS 1451 нұсқасында «*Фақиһ бу Ләйс айтты*» (قال الفقيه أبو الليث) деп көрсетіліп, Самарқанди сөзі түсіп қалған.

1-кесте. Араб тіліндегі мәтіннің ерекшеліктері.

Table 1. Features of the Arabic text.

Таблица 1. Особенности арабского текста.

MS 1451			MS 721		
Мысалдар	Транскрипциясы	Қолжазба беті	Мысалдар	Транскрипциясы	Қолжазба беті
الصلاة	aş-şalāt	f. 1v	الصلوة	aş-şalawāh	f. 1v
الصلوة	aş-şalawāh	f. 2r	الصلوات	aş-şalawāt	f. 2v
محمد وآله	<i>Muḥammadin wa ālihi</i>	f. 1v	محمد على وآله	<i>Muḥammadin ‘alā wa ālihi</i>	f. 1v
-	-	f. 1v	السمرقندي	as-samarqandī	f. 2r
فريضة قائمة، وشريعة	farīḍatun qā’imatun, wa sharī’atun	f. 1v	فريضة قائمة، وشريعة	farīḍatan qā’imatan, wa sharī’atan	f. 2r

MS 721 нұсқасындағы «*Muḥammadin ‘alā wa ālihi*» (محمد على وآله) тіркесі MS 1451 нұсқасында «*‘alā*» (على) септеулігінсіз берілген. Араб тіліндегі «намаз» (الصلاة) деген сөз екі түрлі жазылған, MS 721 нұсқасында «*الصلوة*» деп уау (و) әрпі арқылы, А нұсқасында «*الصلاة*» деп әлиф (ا) арқылы жазылған. Бірінші нұсқада жекеше түрде (الصلوة) берілсе, келесі нұсқада көпше түрде (الصلوات) берілген. Тіпті диакритикалық белгілерді қоюда да өзгешелік кездеседі. Мысалы, MS 721 нұсқасында табыс септігіндегі -ан тануинімен берілген сөз MS 1451 нұсқасында атау септігіндегі -ун тануинімен жазылған (1-кесте).

- (1) فقيه ايتدی أبو الليث كم سمرقندي شهرندند تتركى اكا رحمة ائسون
 (2) سن بيل بتحقيق نماز فرض دُر دُوعَر دُر دخي پيغمبرلر يولندن بر يولند
 (3) ثابند بيلدى اول نمازك فرض اولمى قرائله
 (4) دخي حديث ايله دخي محمدك اجماع دُر اما قرآن ددگمز تتركى تعالى نك قولند
 (5) نمازى نور غوزك دخي زكاتى ورنكز. تتركى تعالى
 (6) ارى تتركى دخي بوجه تتركى بزه بيوردى نمازى وقتلى وقتنده قلمغى. (MS 721, f. 2v)

- (1) Фақиһ айтды Әбу әл-Ләйс кім Самарқандий шәһриндәндүр Тәңрі әгә рахмат етсүн
 (2) сен бил, битахқиқ намаз фард дүр дүғар дүр дахы пайғамбарлар йолындан бір йолдүр
 (3) сәбитдүр бәлинді ол намазуң фарды олмасы Құранла
 (4) дахы хадис иле дахы Мұхаммадұң ижмагы дүр әмма Құран дедігүмүз Тәңрі тағаланың қаулыдүр
 (5) намазы дүргүзүң дахы зәкәті уеріңіз Тәңрі тағала
 (6) әрі Тәңрі дахы йүже Тәңрі бізе бұйырды намазы уақтылы уақтында қылмагы (MS 721, f. 2v).

Жоғарыда берілген қолжазбадағы қыпшақша мәтінге талдау жасау барысында нұсқалар арасындағы орфографиялық, лексикалық және морфологиялық ерекшеліктер анықталды. Араб тілінде кездеспейтін түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне тән ерекше дыбыстар араб әріптерінің астына қосымша нүктелердің қойылуы немесе әріптердің қатар келуі арқылы берілген. Мысалы, «п» – «پ», «ч немесе ж» – «چ», «ң» – «نك» немесе «ك» әріптері арқылы жасалған. Түркі тіліндегі «ң» дыбысы MS 721 нұсқасында «نك», MS 1451 нұсқасында «ك» әріптері, ж дыбысы бірінші нұсқада «چ», ал екінші нұсқада «ج» әріптері арқылы берілген. MS 721 нұсқасында Тәңір (تنگرى) сөзіндегі «ң» дыбысы араб тіліндегі кәф «ك» және нун «ن» әріптерімен берілсе, ал MS 1451 нұсқасында «تگر» деп тек кәф (ك) әрпі арқылы жазылған. Бәжәл (البجل) сөзі MS 721 нұсқасында араб тіліндегі джим (ج) әрпімен жазылса, ал MS 1451 нұсқасында осы әріпке қосымша нүкте қою арқылы (چ) әртүрлі берілген. Сөз соңындағы «т» дыбысы MS 1451 нұсқасында тә (ت) әрпімен таңбаланса, MS 721 нұсқасында тә марбута (ة) әрпімен көрсетілген. Түркі тіліндегі дауысты дыбыстар араб жазба дәстүріне тән диакритикалық белгілер мен созылыңқы дауыстылар (ي، و، ا) арқылы берілген (2-кесте).

2-кесте. MS 1451 және MS 721 нұсқалары арасындағы графемалық ерекшеліктер.

Таблица 2. Графемные особенности версий MS 1451 и MS 721.

Table 2. Grapheme features between MS 1451 and MS 721 versions.

MS 1451	MS 721	
ك	نك	ң
چ	ج	ч, ж
ت	ة	сөз соңындағы т
ا، و، ه	ه	сөз соңындағы а, ә, е

Екі нұсқада да түркі фонетикалық жүйесіне сай дауысты дыбыстар әртүрі харакаттар арқылы берілген. Мысалы, араб тіліндегі «Құран дегеніміз» (دَكُْمُرُ قُرْآن) деген тіркес MS 721 нұсқасында *Қураан дәдукумиз* (دَكُْمُرُ قُرْآن) деп, MS 1451 нұсқасында *Қуран дидукумуз* (دَكُْمُرُ قُرْآن) деп жазылып, сөздегі әріптер бірдей болғанымен, харакаттары әртүрлі берілген. Бір сөздің түрлі харакаттармен берілуі қолжазбаның екі нұсқасында да жиі кездеседі. Дауысты дыбыстарды беруде MS 1451 нұсқасына қарағанда MS 721 нұсқасында араб тіліндегі созылыңқы дауыстылар жиі қолданылады. Мысалы, MS 1451 нұсқасында араб тіліндегі «бұйрық» (بُيْرُق) сөзі ешқандай созылыңқысыз *буйуруқ* (الأمر) деп көрсетілсе, MS 721 нұсқасында «уау» (و) созылыңқысы (*буйууруқ* (بُيُورُق) қолданылған. Сөз соңындағы «а, ә, е» дыбыстары MS 1451 нұсқасында «әлиф» (ا) арқылы, ал MS 721 нұсқасында «һә» (ه) әріптері арқылы берілген (بِهْ – بِزَا , يُوجِهْ – يُجَا). Қолжазбадағы орфографиялық ерекшеліктер төмендегі кестеде мысалмен көрсетілген (3-кесте).

3-кесте. MS 1451 және MS 721 нұсқалары арасындағы орфографиялық ерекшеліктер.

Таблица 3. Орфографические особенности версий MS 1451 и MS 721.

Table 3. Orthographic features between MS 1451 and MS 721 versions.

MS 1451		MS 721		Араб тілінде
Мысалдар	Қолжазба беті	Мысалдар	Қолжазба беті	
تَكْر	f. 1v	تَنْكُرَى	f. 2r	الله
سَقْلَكُرْ	f. 2r	سَقْلَنْكُرْ	f. 2v	حافظوا
بَجَلْ يِرَنْدُنْ	f. 2r	بَجَلْ اِيلَنْدُنْدُرْ	3 a	الْبَجَلِي
رَحْمَتْ	f. 1v	رَحْمَةٌ	f. 2r	رحمه
بُيْرُقْ	f. 2v	بُيُورُقْ	f. 2v	الأمر
دَكُْمُرُ قُرْآن	f. 2r	دَكُْمُرُ قُرْآن	f. 2r	أما الكتاب
تَعَالُوْكَ قَوْلُدُرْ	f. 2r	تَعَالَى نُّكَ قَوْلِيدُرْ	f. 2r	فقوله تعالى
بُيْرُدَى بِزَا	f. 2r	بِهْ بِيُورُدَى	f. 2r	أمرنا
تَعَالُوْكَ قَوْلُدُرْ	f. 2r	تَعَالَى نُّكَ قَوْلِيدُرْ	f. 2r	فقوله تعالى
أَر تَكْرَى	f. 2r	أَرَى تَنْكُرَى	f. 2r	سبحانه
يُجَا تَكْرَى	f. 2r	دَخَى يُوجِهْ تَنْكُرَى	f. 2r	وتعالى

Қолжазба нұсқалары арасында біршама лексикалық ерекшеліктер кездеседі. Мысалы, шығарма авторының аты MS 721 нұсқасында дәл сол қалпында араб тіліндегі «әл» артиклімен бірге *Әбу әл-Ләйс* (أبو الليث) деп берілсе, MS 1451 нұсқасында *Ләйс* атасы (ليث اتاسى) деп түркі-қыпшақ тілінің ерекшелігіне негізделіп аударылған. Сонымен қатар араб тіліндегі «екенін, деп, расында» (بَان) сөзі MS 1451 нұсқасында қыпшақ тілінде *хақ* (حاق) деп аударылса, MS 721 нұсқасында *битахқиқ* (بِتَحْقِيق) деп «мен» (ب) көмекші шылауы және «тахқиқ» (تَحْقِيق) масдар сөзінің бірге жазылуы арқылы берілген (4-кесте).

4-кесте. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі мәтінде кездесетін араб лексикасы.

Таблица 4. Арабская лексика в текстах на мамлюкско-кыпчакском языке.

Table 4. Arabic vocabulary found in Mamluk-Kipchak texts.

MS 1451		MS 721		Араб тілінде
Мысалдар	Қолжазба беті	Мысалдар	Қолжазба беті	
ليث اتاسى	f. 1v	أبو الليث	f. 2r	أبو الليث
حاق	f. 1v	بتحقيق	f. 2r	بأن
عالمُز اتفاق بل	f. 2r	محمدك إجماع دُر	f. 2r	وإجماع الأمة
نبي حديثي دُكُمُر	f. 2v	امّا حديث	f. 2r	أما السنة
حق تَكُرَى	f. 2r	تتكرى تعالى أول الله	f. 2r	فالله
خبر ورلدى	f. 2v	روايث أولوئدى	f. 2r	رُوي
فقيه	f. 1v	فقيه	f. 2r	الفقيه
فَرَض	f. 2v	فَرَض	f. 2r	فَرَض
رَمَضَانَدَه	f. 2r	رَمَضَان	f. 2v	رمضان

«Мұсылман үмметінің бірауызды келісімі» (إجماع الأمة) тіркесі Мұхаммедұң *ижма'ы* дүр (محمدك إجماع دُر) және 'алимлер *иттфақи биле* (عالمُز اتفاق بل) деп араб тіліндегі діни терминдер арқылы аударылған. Екі нұсқадағы қыпшақ тіліндегі аудармада араб тіліндегі діни терминдер жиі кездеседі (*уәжіп* (وإجب), рамадан (رمضان), *фақиһ* (فقيه), *фард* (فَرَض). Араб тіліндегі діни лексикалық бірліктердің түркі тілінің жазба дәстүріне енгізілуі мәмлүк-қыпшақ тіліндегі басқа да діни еңбектерге тән құбылыс. Бұл көбіне аудармашының діни терминдердің мазмұнын дәл беру және діни дискурстағы бірізділікті, терминологиялық тұрақтылықты сақтау қажеттілігінен туындаған болуы мүмкін. Сонымен қатар қасиетті мәтіндермен (Құран, хадис) интермәтіндік байланыстың сақталуын білдіреді. Дегенмен, кестеде берілген үзіндіден MS 721 нұсқасына қарағанда MS 1451 нұсқасында аударма барысында көп жағдайда қыпшақ тіліндегі лексемалар қолданылғаны байқалады (4-кесте).

Қыпшақ тіліндегі мәтінде араб тіліндегі діни терминдердің бір бөлігі өзгеріссіз араб тілінің тілдік ерекшеліктеріне сай қолданылса, кейбір діни ұғымдар мәмлүк-қыпшақ тіліндегі сөздермен тіркесуі немесе жалғау және жұрнақ сияқты тілдік элементтердің жалғануы арқылы берілген. Мысалы, араб тіліндегі «мүміндер» (المؤمنين) сөзі қыпшақ тілінде араб тіліндегі сөзге -лар/-лер (لَر) көптік жалғауының жалғануы арқылы *муминләр* (ثابِتْدُر, رَسُولْدُر) деп берілген. Бірқатар діни ұғымдар -сіз/-сыз (عَدَائِسِر, جَسَائِسِر), -дүр (رَسُولْدُر, ثَابِتْدُر), -лық/-лығ (وإجب لَغ) сияқты қосымшалардың жалғануы арқылы жасалған. Екі нұсқада әртүрлі жасалу жолдары кездеседі. Мысалы, араб тіліндегі «уәжіп» (على الوجوب) сөзі MS 721 нұсқасында «уәжиб» (وإجب) және «олмақлық» (أولْمَق لَق) сөздерінің тіркесуі арқылы

берілсе, MS 1451 нұсқасында -лығ (لغ) қосымшасының жалғануы арқылы «уәжиплығ» (وَاجِبْ لَغ) деп аударылған. MS 721 нұсқасында қосымшалар араб тіліндегі сөзге тікелей жалғанса, MS 1451 нұсқасында көп жағдайда араб тіліндегі сөз бен түркі тіліндегі қосымшалар бөлек жазылған (5-кесте).

5-кесте. Араб тіліндегі сөздерге түркі тілі элементтерінің жалғануы арқылы жасалған діни терминдер.

Таблица 5. Религиозные термины, образованные путём присоединения тюркских языковых элементов к арабским словам.

Table 5. Religious terms formed by attaching Turkic language elements to Arabic words.

MS 1451		MS 721		Араб тілінде
Мысалдар	Қолжазба беті	Мысалдар	Қолжазба беті	
ثَابِتُنْز	f. 2r	ثَابِتُنْز	f. 2v	ثَابِتَة
مُؤْمِنْلَرْ	f. 2r	مُؤْمِنْلَرْ	f. 2v	المؤمنين
وَاجِبْ لَغ اُسْتِنَه	f. 2r	وَاجِبْ اُولَمَقْ لِق اُوسْتَه	f. 2v	على الوجوب
فَرْضِلَغِي	f. 2r	فَرْضِ اُولَمَسِي	f. 2r	فَرْضَتَهَا
رَسُولُنْز	f. 2v	رَسُولُنْز	f. 2r	رسول
جِسَابْ سُرْ	f. 3v	جِسَابِيْز	f. 4r	بلا حساب
عَذَابْ سُرْ	f. 3v	عَذَابِيْز	f. 4r	لا عذاب

MS 721 және MS 1451 нұсқаларға мәтінтанулық талдау барысында бір мағынадағы немесе мағыналары ұқсас әртүрлі лексемалар қолданылғаны анықталды. Түрлі синонимдік қатарлардың қолданылуы мәтіннің мазмұнын өзгеріске ұшыратпағанымен, қыпшақша мәтіннің семантикалық және стильдік ерекшеліктерін көрсетеді. Мысалы, төмендегідей синонимдік қатарлар кездеседі: «етсун» (اَتْسُون) – «қылсун» (قَلْسُون), «пайғамбарлар йолныдан бір йолдүр» (يُولْنَدَنْ بَرْ يُولْدَرْ) – «дұғры йолдүр» (دُغْرِي يُولْدَرْ), «екінді намазы» (اَكِنْدِي نَمَازِي) – «орта намазы» (اَرْتَه نَمَازِي), «йоләнден» (يُولْنَدَنْ) – «йерінден» (يِرِنْدَنْ), «деді» (يَدِي) – «айтды» (اَيْتДИ), «артық» (اَرْتُق) – «өзке» (اَزْКЕ) (6-кесте).

6-кесте. MS 1451 және MS 721 нұсқалары арасындағы лексикалық ерекшеліктер.

Таблица 6. Лексические особенности версий MS 1451 и MS 721.

Table 6. Lexical features between MS 1451 and MS 721 versions.

MS 1451		MS 721		Араб тілінде
Мысалдар	Қолжазба беті	Мысалдар	Қолжазба беті	
تَنْكُرْ رَحْمَتْ قَلْسُون اَكَا	f. 1v	تَنْكُرِي اَكَا رَحْمَة اَتْسُون	f. 2r	رحمه الله
دُغْرِي يُولْدَرْ	f. 1v	يِيغْمبرلر يُولْنَدَنْ بَرْ يُولْدَرْ	f. 2r	شريعة

أُزْتَه نَمَازِي	f. 2r	اَكْنَدِي نَمَازِي	f. 2v	الصلاة الوسطى
بُيُزْدِي بِرَا	f. 2v	سَوَرْدِي بِرَه	f. 2v	أمرنا
بَجَل يَرْنَدُنْ	f. 2r	بَجَل اِيلْنَدُنْ	f. 2r	البجلي
اَيْتْدِي	f. 2r	يَدِي	f. 2r	قال
أَزْكَه	f. 2r	أَزْتُقْ	f. 2r	إلا

Қолжазба нұсқаларына талдау жасау арқылы сөйлемдегі қыпшақ тіліндегі сөздердің орналасу тәртібінде де ерекшеліктер анықталды. MS 721 нұсқасында етістік көбіне сөйлемнің соңында берілсе, MS 1451 нұсқасында араб тіліндегі сөйлем құрылысына сәйкес етістік бірінші орналасқан. Бұл жерден тілдік модельдердің өзара әсерін байқауға болады. Мысалы, «Фақиһ айтты» (قال الفقيه) тіркесі MS 721 нұсқасында «Фақиһ айтды» (فقيه اَيْتْدِي) деп түркі тілдерінің синтаксистік моделіне сәйкес бірінші бастауыш беріліп, баяндауыш кейін қойылған. Ал MS 1451 нұсқасында «айтды фақиһ» (فقيه اَيْتْدِي) деп баяндауыш бірінші беріліп, араб тіліндегі заңдылықтардың ықпалы сақталып қалған. Араб тіліндегі «Алла рақымына алсын» (رحمه الله) тіркесі MS 721 нұсқасында *Тәңрі ака рахмәт етсун* (تَنْكُرِي اَكَا رَحْمَةً اَنْسُونْ), ал MS 1451 нұсқасында *Тәңрі рахмәт қылсұн аңа* (تَنْكُرِي رَحْمَتٌ قَلْسُونْ اҢА) деп берілген (7-кесте).

7-кесте. MS 1451 және MS 721 нұсқалары арасындағы синтаксистік ерекшеліктер.

Таблица 7. Синтаксические особенности версий MS 1451 и MS 721.

Table 7. Syntactic features between MS 1451 and MS 721 versions.

MS 1451		MS 721		Араб тілінде
Мысалдар	Қолжазба беті	Мысалдар	Қолжазба беті	
تَنْكُرِي رَحْمَتٌ قَلْسُونْ اَكَا	f. 1v	تَنْكُرِي اَكَا رَحْمَةً اَنْسُونْ	f. 2r	رحمه الله
دُرْغُرْكَ نَمَازِي	f. 1v	نَمَازِي دُورْغُورْكَ	f. 2r	أقيموا الصلاة
وَرُكُوزْ رَكَاتِي	f. 2r	دَحْي رَكَاتِي وَرَنْكُرْ	f. 2r	وأتوا الزكاة
بُيُزْدِي بِرَا	f. 2r	بِرَه بُيُورْدِي	f. 2r	أمرنا
بُيُزْدِي بِرَا سَقْلَغِي بِشْ	f. 2r	بَشْ وَقْتِ نَمَازِي سَقْلِيُونْ	f. 2r	أمرنا بمحافظه
وَقْتِ نَمَازِي	f. 2v	وَقْتِلُو وَقْتِنْدَه قِلْمَغِي بُيُورْدِي	f. 2v	الصلوات الخمس

Нәтижелер

Палеографиялық талдау нәтижесінде MS 721 нұсқасының насх жазу үлгісіне негізделіп, кәсіби деңгейде көшірілгені, ал мәмлүк-қыпшақ тіліндегі аудармасы түркі жазба дәстүрінің ерекшеліктеріне толық сәйкес келетіндігі айқындалды. Кодикологиялық жағынан қолжазба толық кодекс ретінде қалыптасқан, оның бет құрылымы, жол саны және материалдық белгілері бұл нұсқаның ислам білім беру жүйесіне бейімделіп жасалғанын көрсетеді. Деректанулық талдау әдістері арқылы қолжазбаның мәмлүктер билігі кезіндегі (XIII-XV ғасырлар) жазу үлгісіне толық сәйкес

келетіні айқындалды. Мәтінтанулық талдау нәтижесінде анықталған мәмлүк-қыпшақ тіліндегі мәтіннің синтаксистік ерекшеліктері қолжазбаның тек көшірме емес, тарихи-мәдени жағдайларға байланысты синтаксистік қайта құрылымдану үдерісі арқылы өзгеріске ұшыраған аударма туынды екенін дәлелдей түседі. Түркі-қыпшақ тілінің құрылымдық заңдылықтарына тән ерекшеліктер (орфографиялық, грамматикалық, лексикалық және синтаксистік) еңбектің түркітілді оқырмандарға арналғандығын көрсетеді. Қолжазба нұсқасында түрлі безендірулер мен сәндік элементтердің кездеспеуі, жол жиегіндегі жазулар, алғашқы бетіндегі көпқабатты жазбалар, әртүрлі жазу үлгісі, бірнеше антропонимдер мен мөрлердің берілуі, парақ бетіндегі жазбалардың жүйесіздігі еңбектің бірнеше қолда болғандығын және қолданбалы сипатын білдіреді. Қолжазба толық түркі-қыпшақ тіліне аударылмаған, кейбір беттерде тек араб тіліндегі мәтін жазылғанымен, жол астына оның қыпшақша аудармасына орын қалдырылған. Араб тіліндегі негізгі мәтін харакатсыз жазылғанымен, түркі-қыпшақ тіліндегі аудармасы бар беттерде қыпшақша мәтінмен қоса арабша мәтіннің де толық харакаттары қойылған. Бұл құбылыс қолжазбаның сол кездегі медреселік дәстүрге сәйкес оқулық ретінде жазылып, дәріс кезінде оның аудармасы жасалып, харакаттары қойылып отырған деп пайымдауға негіз береді. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі мәтіннің түркі жазба дәстүріне сәйкес берілгенінен қолжазбаның араб тілін толық меңгермеген түркітілді аудиторияға арналып жасалғандығын айтуға болады. Араб тіліндегі діни мәтіндерді қыпшақ тіліне аудару – қыпшақ мәмлүктері билік еткен Мысыр қоғамына тән ерекше құбылыс. Қолжазбаның қолданбалы сипаттағы MS 721 нұсқасына қарағанда MS 1451 нұсқасының аса дәлдікпен, ұқыпты әрі түсінікті жазу үлгісімен беріліп, алтын түсте жоғары деңгейде безендіріліп, бірнеше түстердің қолданылуы, арабша және қыпшақша мәтіннің жүйелі түрде толық берілуі еңбектің арнайы мақсатта сый үшін дайындалғанын аңғартады.

Қолжазбаның MS 721 және MS 1451 нұсқаларына жасалған салыстырмалы мәтінтанулық талдау нәтижесінде нұсқалар арасындағы орфографиялық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік және мазмұндық ерекшеліктер айқындалды. Түркі тілінің фонетикалық жүйесіне тән дыбыстардың екі нұсқада араб тіліндегі әртүрлі әріптермен таңбалануы, әртүрлі диакритикалық белгілердің қолданылуы, кейбір әріптердің түсіп қалу немесе қосылу құбылыстары кездеседі. Бұл мәтіннің мазмұнына айтарлықтай ықпал етпейді. Бір сөздің әртүрлі графикалық нұсқада берілуі көшірушілердің немесе аудармашылардың жазу дәстүріне байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар екі нұсқада да түрлі тәсілдер арқылы араб тіліндегі діни терминдер түркі тілінің грамматикалық құрылымымен қатар қолданылған. Мұндай гибриді тілдік құрылым мәмлүктер кезіндегі діни еңбектерге тән тілдік құбылыс болып табылады. Нұсқалар арасында синтаксистік ерекшелік анық байқалады. MS 1451 нұсқасында көбіне араб тілінің ерекшелігіне тән баяндауыш бірінші қолданылса, MS 721 нұсқасында түркі тілінің жазба дәстүріне сәйкес бірінші бастауыш, сөйлем соңында баяндауыш берілген. Нұсқалар арасында мағыналары бір-біріне жақын әртүрлі лексемалар жиі қолданылып, синонимдік ауысулар кездеседі. Бұл лексикалық ерекшеліктер мәтіннің мазмұнына елеулі әсер етпегенімен, нұсқалардың стильдік және семантикалық ерекшелігін айқындай түседі. Зерттеу нәтижелері қыпшақша мәтінің мазмұны сақталғанымен, нұсқалар арасында орфографиялық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік ерекшеліктердің айқындығын көрсетті. Сондықтан қолжазба

нұсқаларының көшірме мәтін емес, әртүрлі мақсатта, әртүрлі ортада құрастырылып, сол кездегі тарихи-мәдени жағдайларға байланысты өзгерістерге бейімделген дербес аударма туындылар (нұсқалар) деп тұжырымдауға болады.

Қорытынды

Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер қатарына жататын «Китаб Муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди» қолжазбасы мәмлүктер дәуіріндегі мәдени, тілдік және діни ерекшеліктерді қамтитын құнды дереккөз болып табылады. Бұл қолжазбаның араб және түркі тілдеріндегі бірнеше нұсқаларының біздің заманымызға дейін сақталуы, біріншіден, мазмұндық жағынан діни еңбектің сол дәуірдегі құндылығын көрсетсе, екіншіден, түрлі нұсқаларға салыстырмалы талдау жасау нәтижесінде түркі тілдерінің даму тарихындағы өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жоларалық аударма арқылы оқу құралы ретінде құрастырылған бұл еңбек сол кездегі түркітілді халықтарға арналған медреселік ислами оқу жүйесінің айқын мысалы бола алады. Сондықтан бұл қолжазбаның бірнеше нұсқаларын қатар зерттеу арқылы мәмлүктер дәуіріндегі Мысыр қоғамы ғана емес, сонымен қатар олармен тарихи-мәдени тығыз байланыста болған Дешті қыпшақ халықтарына қатысты құнды деректерге қол жеткізуге болады.

Әдебиет

Аубакирова Қ.Қ., 2023. «Иршәдул-мулук уәс-салатин» ескерткішіндегі (XIV ғ.) теоллингвистикалық кеңістік. Қызылорда: Жиенай. 160 б.

Дәстүрлі Ислам жауһарлары: орта ғасырларда (X–XVI ғғ.) жазылған діни еңбектер мен шығармалардан үзінділер жинағы, 2016. Астана. 392 б.

Demirci J., 2003. Cumhuriyet'in 80. Yilinda türkiye'de memlûk-kıpçak türkçesi çalışmaları. *Türkoloji Dergisi*. 16(2). S. 53-63. https://doi.org/10.1501/Trkol_0000000031

D'Hulster K., 2025. Qayt Sharifi's Turkic Class Notes and Tamurbāy's First Arabic Scribbles: Language and Education at the Mamluk Barracks. *Mamlūk Studies Review*. Vol. 28. P. 39-103.

Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы: Алтын Орда дәуіріндегі әдеби жәдігерлер (діни-дидактикалық шығармалар), 2020. Алматы: Evo Press. 576 б.

Исаханова М., 2024а. Теоллингвистическая рукопись «Китаб Мукаддима Абу Ал-Лайс Ас-Самарқанди» среди ценных рукописей на мамлюкско-кипчакском языке. Материалы второй международной научной конференции «Современная наука: фундаментальные и прикладные аспекты». Рим. 3-14 августа 2024 г. С. 29-33. <https://doi.org/10.5281/zenodo.13344447>

Issakhanova M., 2024b. The Importance of Abu Al-Lays As-Samarkandi in spreading Islam among the Mamluks and the significance of his manuscript “Al-Muqaddim fi-s-salat” («Introduction to prayer»). Materials of the XI International Scientific and Practical Conference “Theoretical and Practical Perspectives of Modern Science”. Stockholm. Sweden. 27-28 August 2024. P. 27-28. <https://doi.org/10.5281/zenodo.13647167>

Kılıç A., 2018. Kitâb-ı Mukaddime-i Ebu'l-Leysi's-Semerkindî. *Dil Araştırmaları*. 12 (23). S. 330-333.

Özgür C., 2014. Memlûk Kıpçakçasıyla yazılmış Kitâb-ı Mukaddime-i Ebu'l-Leys es-Semerkindî'nin söz varlığı. *Türk Dünyası Bilgeler Zirvesi*. Eskişehir. S. 525–534.

Özkan A., 2000. Kitâb-ı Mukaddime-i Ebu'l-Leysi's-Semerkindî'nin dil özellikleri. *SDÜ Fen-Edebiyat Fakültesi Sosyal Bilimler Dergisi*. 5. S. 177-200.

Özkan A., 2018. Kitâb-ı Mukaddime-i Ebu'l-Leysi's-Semerkindî: Giriş, inceleme, metin, dizinler, tıpkıbasım. Konya: Palet Yayınları. 275 s.

Садықбеков Қ.А., 2016. «Китаб Муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди» ескерткіші және оның тілі. Алматы: Таңбалы. 412 б.

Садықбеков К.А., 2025. -А, -е және -ұ, -ү көсемше жұрнақтарының функционалдық семантикалық ерекшеліктері (мәмлүк қыпшақ ескерткіштері негізінде). Tiltanym. 100 (4). Б. 36-44. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-36-44>

Shalkarov D., & Aubakirova K., 2023. The reflection of religious worldviews in Islamic culture in the work «Irshad al-Muluuk wa as-Salatiin». Eurasian Journal of Religious Studies. 33(1). P. 58-67. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2023.v33.i1.r7>

Toparlı R., 1992a. İrşadül-müluk ves-selatin. Ankara: TDK yayınları. 627 s.

Toparlı R., 1992b. Kitab Mukaddime Ebu Leys es-Semerkindî. Ankara: TDK yayınları. 100 s.

Zajackowski A., 1962. Le traite Arabe, Mukaddima d'Abou'l-Lait as-Samarkandi en Version Mamelouk-Kiptchak. Warszawa. 108 p.

Reference

Aubakirova Q.Q., 2023. Irshadul-muluk uas-salatin eskertkishindegi (XIV gh.) teolingvistikalyq kengistik [The theolinguistic space in the monument “Irshad al-Muluk wa al-Salatin” (14th century)]. Qyzylorda: Zhienai. 160 p. [in Kazakh].

Dasturli Islam jauharlary: orta gasyrlarda (X–XVI gg.) jazylgan dini enbekter men shygarmalardan uzindiler jinagy [Traditional Islamic Gems: excerpts from religious works and writings of the medieval period (10th–16th centuries)], 2016. Astana. 392 p. [in Kazakh].

Demirci, J., 2003. Cumhuriyet'in 80. Yilinda türkiye'de memlûk-kıpçak türkçesi çalışmaları [Studies on Mamluk-Kipchak Turkish in Turkey on the 80th Anniversary of the Republic]. Turkoloji Dergisi. 16(2). P. 53-63. https://doi.org/10.1501/Trkol_0000000031 [in Turkish].

D'Hulster K., 2025. Qayt Sharifi's Turkic Class Notes and Tamurbay's First Arabic Scribbles: Language and Education at the Mamluk Barracks. Mamluk Studies Review. Vol. 28. P. 39-103.

Ezhelgi dauir adebietinin antologiyasy: Altyn Orda dauirindegi adebi zhadigerler (dini-didaktikalyk shygarmalar) [Anthology of Ancient Literature: Literary Heritage of the Golden Horde Period (religious-didactic works)], 2020. Almaty: Evo Press. 576 p. [in Kazakh].

Isahanova M., 2024a. Teolingvisticheskaya rukopis “Kitab Mukaddima Abu al-Lays as-Samarkandi” sredi tsennykh rukopisey na mamlyuksko-kipchakskom yazyke [Theolinguistic manuscript “Kitab Mukaddima Abu al-Lays as-Samarkandi” among valuable manuscripts in the Mamluk-Kipchak language]. Proceedings of the Second International Scientific Conference “Modern Science: Fundamental and Applied Aspects”. Rome, 3-14 August 2024. P. 29-33. <https://doi.org/10.5281/zenodo.13344447> [in Russian].

Issakhanova M., 2024b. The Importance of Abu al-Lays as-Samarkandi in Spreading Islam among the Mamluks and the Significance of His Manuscript “Al-Muqaddim fi-s-Salat” (“Introduction to Prayer”). Proceedings of the XI International Scientific and Practical Conference “Theoretical and Practical Perspectives of Modern Science”. Stockholm, Sweden, 27-28 August 2024. P. 27–28. <https://doi.org/10.5281/zenodo.13647167>

Kılıç A., 2018. Kitab-ı Mukaddime-i Ebu'l-Leysi's-Semerkindi. Dil Arastirmalari [The Introduction to the Book of Abu'l-Leysi's-Samarqandi. Language Studies]. 12 (23). P. 330-333. [in Turkish].

Ozgun C., 2014. Memluk Kipchakchasyyla yazylmysh Kitab-ı Mukaddime-i Ebu'l-Leys es-Semerkindi'nin soz varlygy [Vocabulary of the work “Kitab-ı Mukaddime-i Ebu'l-Leys es-Semerkindi” written in the Mamluk-Kipchak language]. Turk Dunyasy Bilgeler Zirvesi [Summit of the Wise Men of the Turkic World]. Eskisehir. P. 525-534. [in Turkish].

Ozkan A., 2000. Kitab-ı Mukaddime-i Ebu'l-Leysi's-Semerikandi'nin dil özellikleri [Linguistic features of “Kitab-ı Mukaddime-i Ebu'l-Leysi's-Semerikandi”]. SDU Fen-Edebiyat Fakultesi Sosyal Bilimler Dergisi. No. 5. P. 177-200. [in Turkish].

Ozkan A., 2018. Kitab-ı Mukaddime-i Ebu'l-Leysi's-Semerikandi: Giriş, inceleme, metin, dizinler, tipkibasım [“Kitab-ı Mukaddime-i Ebu'l-Leysi's-Semerikandi”: Introduction, analysis, text, indices, facsimile]. Konya: Palet Yayınları. 275 p. [in Turkish].

Sadykbekov Q.A., 2016. Kitab Muqaddima Abu Lays as-Samarkandi eskertkishi zhane onyn tili [The monument “Kitab Muqaddima Abu Lays as-Samarkandi” and its language]. Almaty: Tangbaly. 412 p. [in Kazakh].

Sadykbekov, K.A., 2025. -A, -e zhane -u, -u kosemshe zhurnaqtarynyng funktsionaldyq semantikalıq erekshelekteri (mamluk qypshaq eskertkishi negizinde) [-A, -e and -u, -u converb suffixes: functional-semantic features (based on Mamluk Kipchak monuments)]. Tiltanym. 100 (4). P. 36–44. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-36-44> [in Kazakh].

Shalkarov D., Aubakirova K., 2023. The Reflection of Religious Worldviews in Islamic Culture in the Work “Irshad al-Muluuk wa as-Salatiin”. Eurasian Journal of Religious Studies. 33 (1). P. 58-67. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2023.v33.i1.r7>

Toparli R., 1992a. Irshadul-muluk ves-selatin [Irshad al-Muluk wa al-Salatin]. Ankara: TDK yayınları. 627 p. [in Turkish].

Toparli R., 1992b. Kitab Mukaddime Ebu Lays es-Semerikandi [The book “Mukaddima” by Abu Lays as-Samarkandi]. Ankara: TDK yayınları. 100 p. [in Turkish].

Zajackowski A., 1962. Le traite Arabe, Mukaddima d'Abou'l-Lait as-Samarkandi en Version Mamelouk-Kiptchak [The Arabic treatise “Mukaddima” by Abu'l-Lait as-Samarkandi in the Mamluk-Kipchak version]. Warszawa. 108 p. [in French].

Авторлар туралы мәлімет:

Аубакирова Қундузай Қыдырбаевна, PhD, шетел тілдері және аударма кафедрасының аға оқытушысы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Әйтеке би көш., 29А, Қызылорда, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 56819100400

Исаханова Қырджа Мейрім Маликовна, PhD, Түркітану және Шығыс елдерінің тарихы кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғ., 71, Алматы, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 58569299900

Information about authors:

Aubakirova Kunduzay Kydyrbayevna, PhD, Senior Lecturer, Department of Foreign Languages and Translation, Korkyt Ata Kyzylorda University, 29A Aiteke Bi Str., Kyzylorda, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 56819100400

Meirim Malikovna Issakhanova Kirca, PhD, Department of Turkish Studies and History of Eastern Countries, Al-Farabi Kazakh National University, 71 al-Farabi Ave., Almaty, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 58569299900

Сведения об авторах:

Аубакирова Кундузай Кыдырбаевна, PhD, старший преподаватель кафедры иностранных языков и перевода, Кызылординский университет им. Коркыт ата, ул. Айтеке би, 29А, Кызылорда, Республика Казахстан.

Scopus ID: 56819100400

Исаханова Кырджа Мейрим Маликовна, PhD кафедры тюркологии и истории стран Востока, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, пр. аль-Фараби, 71, Алматы, Республика Казахстан.

Scopus ID: 58569299900

Author contributions:

K.K. Aubakirova developed the general concept and methodology of the study, identified the paleographic features of the manuscript, and conducted the textual analysis of the material.

M.M. Isakhanova Kyrdzha determined the codicological characteristics of the manuscript, participated in the interpretation of the materials, edited the manuscript, and prepared it for publication.

Авторлық үлес:

К.К. Аубакирова зерттеудің жалпы тұжырымдамасы мен әдіснамасын әзірледі, ескерткіштің палеографиялық ерекшеліктерін айқындады, материалға мәтінтанулық талдау жасады.

М.М. Исаханова Қырджа ескерткіштің кодикологиялық сипаттамаларын анықтады, материалдарды интерпретациялауға қатысты, қолжазбаны редакциялап, жариялауға дайындады.

Вклад авторов:

К.К. Аубакирова разработала общую концепцию и методологию исследования, определила палеографические особенности памятника, сделала текстологический анализ материала.

М.М. Исаханова Кырджа определила кодикологические характеристики памятника, участвовала в интерпретации материалов, редактировала и подготовила рукопись к публикации.



Conflict of Interest.

There is no conflict of interest related to this article.

Мүдделер қақтығысы.

Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.

Конфликт интересов.

Нет конфликта интересов, связанного со статьей.